ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 06 наурыз іс №1912-25-00-2/3031 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д.М.Ғалымов
сот отырысының хатшысы А.А.Қойтан отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық біріктірген азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"AKA PROJECT" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Кәден Б. Ә.
Жауапкер Сламжанұлы А.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 27 мамырда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы өңірлік филиалы (бұдан әрі - Талапкер, Тапсырыс беруші) мен "AKA PROJECT" ЖШС-і (бұдан әрі – Жауапкер, Өнім беруші) арасында мемлекеттік сатып алу порталы арқылы №010241002159/250058/00 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі - Шарт) жасалынған.

Құжатқа қол қойылған: Галымов Д. М., 01.04.2026
Заңды күшіне енген күні: 13.07.2026, судья Галымов Д. М., 13.07.2026

Шарт бойынша Жауапкер ресімдеу бойынша қызметтер, Техникалық/құқықты белгілеу/рұқсат беру және басқа құжаттарды рәсімдеу/қайта рәсімдеу/әзірлеу/тіркеу/қатысты органдарда/тізімдерде қайта тіркеу бойынша қызметтерді көрсетуге міндеттенді (бұдан әрі-Қызметтер).

Шарттың жалпы сомасы 6 606 880 теңгеден құрайды.

Шарттың қызметтерді көрсету мерзімі 31.12.2025 жылға дейін деп көрсетілген.

04.11.2025 жылы Алматы өңірлік филиалының кеңсесінде 30.09.2025 жылғы №003/373 хабарлама және 13.10.2025 жылғы №003/390 хабарлама (қайталау) Жауапкердің өкілі Н.Айтмұханбетұлына қолма қол тапсырылып, Тапсырыс берушінің заңгері тарапынан Өнім берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау қажеттілігі туралы тағы да ескертілді.

Алайда осылардың бәріне қарамастан, Өнім беруші Тапсырыс берушіге сұратылған ақпаратты ұсынбай, өз міндеттемелеріне немқұрай қарап, Тапсырыс берушінің сұраныстарын елемей, Шарттың орындалу барысына жауапкершілік танытпай отыр.

2025 жылғы 2 желтоқсанда Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты Шарт Талапкер тарапынан біржақты тәртіппен бұзылды.

Тапсырыс беруші жоғарыда аталған талап қоюмен сотқа жүгініп, онда жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Жауапкер сотқа жазбаша пікір ұсынды. Пікірге сәйкес, Жауапкер форс-мажорлық мән-жайлардың туындауына байланысты міндеттемелерін орындай алмады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Кәден Б. Ә талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талапты пікірінде көрсетілген негіздер бойынша мойындамады, оны қанағаттандырудан бас тартуды сұрады. Жауапкер істі мәні бойынша қарау барысында медиативтік келісім жасауға уақыт беру үшін іс жүргізуді тоқтата тұру туралы жазбаша өтінішхат жолдады. Алайда сот бұл өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартты, себебі дәл осы санаттағы істер, атап айтқанда мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы даулар бойынша дауды медиативтік тәртіппен реттеу көзделмеген.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272-бабына сәйкес, міндеттеме міндеттеме шарттарына және заңнама талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 277-бабының 1-тармағына сәйкес, егер міндеттеме оны орындау күнін немесе орындалуға тиіс уақыт кезеңін көздесе не анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше осындай кезең шегіндегі кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Шарттың 3.1-бөлігінің 6-тармағына сәйкес, Өнім беруші Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпаратты ұсынуға міндеттенген.

Құжатқа қол қойылған: Галымов Д. М., 01.04.2026
Заңды күшіне енген күні: 13.07.2026, судья Галымов Д. М., 13.07.2026
1912-25-3-1/3506

Сонымен қатар Шарттың 8.7-бөлігінің 2-тармағы, Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарт кез-келген кезеңде бұзылу мүмкіндігін қарастырады, ал 8.6-тармағы, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп, Шартты толық немесе ішінара бұзу тәртібін белгілейді.

Тапсырыс беруші тарапынан Шарт талаптары орындалмаған жағдайда оның біржақты бұзылу мүмкіндігі туралы хабарламалар жолдағандығына қарамастан Жауапкер Шартта көрсетілген міндеттемелерді орындаудан бас тартып отыр.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

2025 жылғы 27 мамырда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы өңірлік филиалы (бұдан әрі - Талапкер, Тапсырыс беруші) мен "AKA PROJECT" ЖШС-і (бұдан әрі – Жауапкер, Өнім беруші) арасында мемлекеттік сатып алу порталы арқылы №010241002159/250058/00 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі - Шарт) жасалынған.

Сот, талап қоюшымен сотқа жүгіну мерзімі сақталған, шарт 02 желтоқсан 2025 жылы бұзылған және осы талап арыз 4 желтоқсан 2025 жылы берілді

Сот жауапкердің мемлекеттік актінің болмауына байланысты шартты орындау мүмкін болмағаны туралы уәждерімен келіспейді, өйткені бұл мән-жайлар шарт жасалғанға дейін жауапкерге белгілі болған, шартты орындау талаптарының бірі болып табылған, сондай-ақ жауапкерде шарт жасалған күннен бастап алты айдан астам уақыт ішінде анықталған бұзушылықтарды жоюға жеткілікті уақыт болған.

Тапсырыс беруші тарапынан Өнім берушіге мемлекеттік сатып алу веб-порталы, 87077707709 нөміріндегі WhatsApp чаты, пошта арқылы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсыну туралы сұраныстар, хабарламалар бірнеше рет жіберілді. Телефон арқылы Тапсырыс берушінің сұраныстары туралы бірнеше мәрте түсіндіріліп жеткізілді.

Сонымен қатар, сот отырысында жауапкер шартты тиісінше орындағанын растайтын дәлелдемелерді сотқа ұсынбады. Сондай-ақ тараптар арасында медиативтік келісім жасасуды талап етті, алайда бұл өтініш сотпен қанағаттандырылмады.

Шарттың бұзылуы Жауапкер тарапынан дауланбаған, ол тиісті талаптармен сотқа жүгінбеген.

Құжатқа қол қойылған: Галымов Д. М., 01.04.2026
Заңды күшіне енген күні: 13.07.2026, судья Галымов Д. М., 13.07.2026
1912-25-3-1/3506

Істі сотта қарау сәтінде Жауапкер Шарт бойынша міндеттемелерін әлі де орындамаған.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы салдарынан туындаған теріс салдарларды, атап айтқанда объектілерді заңдастыру үшін қажетті мерзімнің ұзақ уақытқа өткізіп алынуын, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы шартты қайтадан жасасу қажеттілігін ескере отырып, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану үшін негіздер бар деген қорытындыға келеді.

Сот, аталған негіздерге сүйене отырып, жауапкер өз міндетемесін орындамады деп, талап арыз қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасы АПК-нің 117-бабының 1-тармақшасының талаптарына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 1966 теңге көлемінде мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226, 229, 401, 405 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорның "AKA PROJECT" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

"AKA PROJECT" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"AKA PROJECT" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж шығыны өндірілсін.

Шешімге риза болмаған жағдайда тараптар Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде тараптармен апелляциялық шағым немесе прокурормен апелляциялық өтінішхат берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде шағым беруі мүмкін.

Судья **Д.М. Ғалымов**

Құжатқа қол қойылған: Галымов Д. М., 01.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 13.07.2026, судья Галымов Д. М., 13.07.2026

1912-25-3-1/3506